

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 58 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 78 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентінің 120-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 17 сәуірдегі "Тауардың сыныптамасы туралы алдын ала шешімнің нысанын, оны толтыру және осындай алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу тәртібін бекіту туралы" № 58 шешімінің 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 120 күн өткен соң күшіне енеді."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян